

Байланыс саласында қызметтер көрсету бойынша қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарды және байланыс саласындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 543 қаулысы.

"Рұқсаттамалар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2) және 4) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Телекоммуникациялар комитеті:

1) байланыс саласындағы қызметтерді көрсету бойынша қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиар;

2) осы қаулыға қосымшаға сәйкес байланыс саласындағы екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті орган болып айқындалсын.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.07.2019 № 501 қаулысымен.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 1620 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 4, 75-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 507 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 23-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 34, 505-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2015 жылғы 16 шілдедегі
№ 543 қаулысына
қосымша

Байланыс саласындағы екінші санаттағы рұқсаттар

--	--	--

Р/с №	Рұқсат беру рәсімінің атауы	Рұқсаттың және жүзеге асыру үшін рұқсаттың болуы талап етілетін қызмет (әрекет) түрінің атауы
1	2	3
2-сынып – "объектілерге берілетін рұқсаттар"		
1.	Радиоэлектрондық құралды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыны пайдалануға рұқсат беру	Радиоэлектрондық құралды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыны пайдалануға рұқсат
4-сынып – "ресурстары шектелген немесе квоталар пайдаланатын қызметке берілетін рұқсаттар"		
2.	Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді бөліп көрсету, сондай-ақ оларды алып қою	Нөмірлер бөлу, сондай-ақ оларды алып қою туралы бұйрық
3.	Қазақстан Республикасының радиожілік спектрін пайдалануға рұқсат беру	Қазақстан Республикасының радиожілік спектрін пайдалануға рұқсат

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК